Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі
«Жастар ресурстық орталығы» КММ
Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, № 28, тел. 54-21-90, taraz_zhastar@mail.ru

«JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне

«Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ «Жастар ресурстық орталығы» КММ болып табылатын №14133447-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу бойынша қызметтер» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуға қатысты, Сіздің 2025 жылғы 20 наурыздағы №249811 хатыңызға келесіні хабарлайды.

№14133447-1 конкурсының №76545175-ГСЗ2 лоты бойынша

Бірінші мәселе бойынша: "Елім-ай Достық" қоғамдық бірлестігінің берген шағымын қараусыз қалдырылатынын хабарлаймыз.

Екіншіші мәселеңіз бойынша: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 462-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарда көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушілер берген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін ұпайларды есептейді.

Сіздің өтінішіңізді қарап, конкурстық комиссия мүшелері "Jastar" дамыту орталығы" ЖҚБ бағалау өлшемшарттары бойынша «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» өлшемшарты бойынша негізсіз 4 балл қойылған және «*Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып

тіркелген)» атты өлшемшарты бойынша 2 балл қойылған. Осылайша, өтінішіңізде келтірілген дәлелдер расталды.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Заңның 25-бабының 3-тармағына сәйкес Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағымдануға құқылысыз.

Мекеме басшысы **А.Есіркепов**

Орынд.: Ж.Киждуанов
Тел.:54 – 21 – 90